

---

---

## ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖЭНЕ ҮЛТТЫҚ ТАНЫМ

---

---

Қабден ҚҰНАНБАЙ  
Мақсат ҚАБДЕН

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҮРПАҚ ӨСИРУ ҮЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРІ

*Казахские народные традиции и обычаи по воспитанию потомства являются научно-обоснованной системой, передающейся из поколения в поколение. В этой статье перечислены традиции воспитания детей, начиная с их рождения, обрезания пуповины, укладывания в «бесик» и до достижения совершеннолетия с их научными толкованиями. Также упомянута традиция испытания будущего поколения, которая направлена на их становление.*

*Kazak hakkında nesil yetiştürme geleneği bugüne kadar devam eden bir ilmî sistemdir. Makalede doğduğun günden itibaren olgunlaşmaya kadar devam eden çocukların terbiyesi geleneği gösterilmektedir. Bu nesil beraber gelecek nesillerin sınavdan geçip geleneği de bahsedilmektedir.*

Үлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғарғы түрі. Үлттық жан-күй, үйлесім ерекшелігі адамдардың отбасылық қарым-қатынасы, тұрмыстық салт-дәстүрлерден айқын байқалады. Үлттық жан-күй үйлесімі үш бөліктен тұрады: олар – үлттық сезім, үлттық салт-дәстүрлер және үлттық мінез. Мұның ішінде үлттық салт-дәстүрлер – тарихи көне үрдіс. Үлттық салт пен дәстүрдің тууы үлттың үлт болыш қалыптасуына байланысты. Қазіргі ғылыми дәлелдер бойынша, қазақ үлттының пайда болуы XII–XIV ғасырдарда басталды деп жүрміз. Сол дәуірден бері қазақтың көптеген салт-дәстүрлері қалыптасып дамыды. Салт-дәстүрдің озық үлгілері үрпақ жалғасымен біздің дәуірімізге жетті. В.Г.Белинский салт-дәстүрдің өміршендігі жөнінде: "Салт-дәстүр замандар бойы сыншан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, атабабадан әүлетке мұра болыш ауысып, рудан-руға, ұрпактан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болыш табылады. Онсыз халық бет-әлшетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді" [1], – дейді. Көптеген салт-дәстүрлер үлттың үлт болыш қалыптасуынан бұрын пайда болған. Соңдықтан ол кейде көптеген үлттарға ортақ мәнді дәстүр болыш сақталады. Салт-дәстүр халықтардың кәсібі, наным-сенімі, көзқарасына байланысты өзгеріп жаңарып отырады. Соның бір дәлелі соңғы кезде кең етек жайған салт – тұған күн тойы. Шын мәнінде адам өміріндегі аяулы сәттердің бірі – дүние есігін қағып жарық өмірге келген күн. Алқызыл гүл дестелерін сыйлаш, құрбы-құрдасын, дос-жаранын, атаана, туган бауырды дүниеге келген күнімен құттықташ, ыстық ықыластарын білдіріп жатады. Осы кезде азаматтық көмелетке толғантөлкүжат, отан алдындағы азаматтық борышын өтейтін әскери құжат тапсырылып өмірдегі жаңа белеске шығады. Махмуд Қашқари


бабамыздың «Үрпақта шек жоқ» [2] дегеніндей үрпақ тәрбиесі мәңгілік жалғаса бермек. Біз қазақ халқының бай мұрасынан үрпақ өсіру дәстүрін қысқаша баяндауды мақсат еттік [3].

Салт-дәстүрдің үрпақ тәрбиесі үшін тәрбиелік мәні зор. Қазақ халқының салт-дәстүрлері – үрпақ тәрбиесіне байланысты, тұрмыс-салт дәстүрлері, әлеуметтік, мәдени салт-дәстүрлер болыш үлкен үш топқа бөлінеді. Үрпақ тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері – келешек үрпақ өмірге келуінен бұрын басталатын ұлт қалыптастыруға арналған үлкен жүйе. Бұл жүйеге жүкті болған келінді күту, әйелді босандыру, сүйінші, кіндік кесу, шілдехана тойы, балаға ат қою, баланы бесікке салу, баланы қырқынан шығару, нәрестені тіл-көзден сақтау, тұсаукесер, тілашар, баланы сұндетке отырғызу, баланы сынау, балаға ата-тегін үрнету, ебекке баулу салт-дәстүрлері кіреді. "Ұлдың ұяты әкеге, қызың ұяты шешеге" деп қараған халқымызда ұл баланы тәрбиелеу аталар мен әкелер, қыз баланы тәрбиелеу әжелер мен аналардың ісі болыш саналған. Үрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Бұл мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс. Дені сау, білімді, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы» абыл азamat өсіру ісі ғасырлар бойы ой-арманы болыш келді. Осы арман дене, ақыл-ой, адамгершілік, көсіптік және эстетикалық тәрбие арқылы үрпақтан-үрпаққа заманалар бойы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыштарда марараптатып, сіңірліп, іске асырылып отырады. Біз шығыс дәстүрінде үрпақ өсіруді орта ғасырда Ибн Сина канонына [4] жақын дамыды десек те болады. И.Колбасенко (1889) қазақтар баланың кіндігі тұскеннен кейін қырық құн бойы сабынды жылы сумен баланы шомылдырып, құргатып сұргіп, маймен үнемі сылайды деген. Семей қазақтары алты апта бойы баланы құн сайын қаламшыр қосқан маймен сылац, тұзды сумен шомылдырған. Тұзды су сәби денесін ширатып, тері ауруларынан сактаған. Әрбір шомылдырған сайын баланы сипац, массаж жасац, барлық денесін маймен майлац, басын өз пішініне қарай сипац, бастың домалақ пішінін келтіріп отырған. Баланың аяқ-қолын созып, бүгіп, кеудесін уқалац, денесін үнемі созып отырған (И.Колбасенко, 1889; Х.Кустанаев, 1894). И.Колбасенконың [5] шікірі бойынша бала бесікте бөлеулі жиырма сағаттай жататын болғандықтан осынданың сылау, созу өте қажет болатыны даусыз. Ибн Сина дәл осыған үқсас баланы күту туралы былайша жазған: «Сәбиді бөлеуден шешіп алғанда алдымен саусақтың ұшымен барлық денесін сипац, аяқ-қолын созу сәбидің денесін керкем пішінге келтіреді. Дені сау сәбиді кіндігі тұскеннен кейін бір аптадан соң бесікке бөлеу керек» делінген. Ұлы ақын Ілияс Жансүгіров [6] бебек бөлеуді былайша суреттейді:

*Бәбек бөлеу  
(Ана жыры)*

Бөл-бөл, бөбек, бөл, бөбек,  
Бұлдіршін шұмек бәйтерек.  
Балалы үйрек, бас бармак,  
Кішкене бөбек, бес бөлек.  
Саусақайы салбырац,  
Бөлени қойсын қос білек.  
Бөлейін бері кел, бөбек.  
Бедерлі бесік, төрг есік,  
Төгілте салдыым тер төсек.  
Бөпешім, бесік - отауың,  
Отауыца кір, бөбек.

**Бесіктің түрлері**



**Бесік жабдықтары**

1. Бесік көре.
2. Жөргек.
3. Қолбау.
4. Құсжастық.
5. Құстөсек.
6. Тізе бау.
7. Тізе жастықша.
8. Тұбек мүйек /кешіл/.

**Бесіктің құрылышы**

1. Алдыңғы бас /бөген/
2. Арғы бас /бөген/
3. Белағаш /арқалық, арыс/
4. Жақтау
5. Жорға /табан/
6. Сабау
7. Тақтай
8. Тұбек
9. Шабақ
10. Шұмек

Бала тәрбиелеудегі салт-дәстүрлер

*Құрсақ шашу* – жүкті болған келіннің енесі ауыл әйелдерін шақырыш қонақ етеді. Олар өз үйлерінен бір-бір дәм пісіріп әкеледі. Оның себебі - келіннің жерік болыш жүрген асын тауыш беру.

*Жарыс қазан* – толғата бастаған келіннің енесі қыстай сақтаған жылы-жұмсағын қазанға салып, «жарыс қазаң» асу қамына кіріседі. Бұл – келін тез босансын деген ниеттен туған ырым.

*Шілдекана* – жаңа тұған нәрестені өртүрлі «жын-шайтан», «перілердің» салқынынан, қорғаш, күзету үшін еткізіледі.

*Сүйінші* – немерелі болған әже сүйінші сұратып жас балалар мен келіндерін жан-жаққа жібереді.

*Балаға ат қою* – нәрестеге үш күннен қалмай ат қойылады.

*Бесік тойы* – кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салады.

*Баланы қырқынан шығару* – қырық күн толғаннан соң нәрестенің «сүт тырнағы» мен «қарын шашын» алып, теңгелер салған ыдысқа қырық қасық су құйыш, шомылдырады.

*Сүндег тойы* – ер балаларды 5, 7 немесе 9 жасында сүндекте отырғызады.

*Токым қагар* – бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылағанда еткізіледі.

*Жүкті болған келінге жасалатын салт-дәстүрлер:*

*Керегеге орамал таңу* – келіннің жүкті болғанын сезген ене «Атамыздың аруағы біліш, қолдан жүрсін» деп ауылдағы үлкен үйдің оң керегесіне ақ орамал таңады.

*Құрсақ шашу* – келін жерік болғанда кішігірім той (құрсақ шашу) істейді. Бұған әйелдер өз үйлерінен бір-бір дәм пісіріп әкеледі. Оның себебі келіннің жерік болыш жүрген асын тауыш беру.

*Жуамен тамақтандыру* – келіннің тәбетін ашу үшін жуа әкеліп жегізеді.

*Сағыз шайнату* – «іштегі бала шымыр болсын» деген ниет.

*Саз, тонырак, қызыл ірімшік жегізу* – баланың сүйегі берік болу үшін жегізеді.

*«Келін көңілі» бас қосуын еткізу* – келіннің көңіл-күйін көтеру үшін жастардың бас қосуын ұйымдастыру.

*Арқан еспеу* – бала кіндігіне оралыш қалуы мүмкін.

*Тенден буу, қаштың аузын жабуга рұқсат етпеу* – керісінше, жабулы заттарды ашуға, буулы нәрселерді шешүге болады.

*Түйс стін жемсөу* – жүкті әйел баласын 9 ай емес 12 ай көтеруі мүмкін.

*Келіннің етегін бүруу, далага жалғыз шыгармау* – түсік болдырмау үшін жасалады.

## **Қабден Қ., Құнанбай М. Қазақ халқының үрпақ өсіру...**

**Кіндік кесуге байланысты салғ-дәстүрлер және кіндік шешенің атқаратын міндеті:**

**Жүкті болған әйелді куту** – екі жас үйленіп жатқан кезден кіндік шеше болуды қалап алатын әйелдер болады. Ол үшін алдымен екі жасты арнайы қонаққа шақырып, өз дастарханынан дәм таттырады. Осыдан кейін екі үй арасында да қарым-қатынас жиілец, жарастық орнайды. Жүкті әйелді күтімге алады.

**Босану кезінде басы-қасында болу** – толғақ мерзімі жақындағанда жеке үй дайындалады. От жағын, су жылытылады. Үйдің ішкі-сыртқы дүние-мұлкі мұнгаздай тазаланады. Осы істердің басы-қасында кіндік шеше үйітқы болыш жүреді. Жүкті әйелді толғақ үстінде кіндік шеше демеп тұрады және олай-бұлай жүргіне де рұқсат етіледі.

**Кіндігін кесу** – кіндікті ақбалтамен кесіп, таза жішпен байлаң, кіндік түбіне күл сепкен. Ақ балтаны өзге нәрсеге пайдаланбай сақтаң қойған. Ер баланың кіндігін ырымдаш «үй күшік болмасын» деп қырдан асырыш лақтырған. Ал қызы баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген оймен отбасы, опақ түбіне көмеді. Сонымен бірге оқымысты болсын деп кітаптың, ат күлағында ойнасын деп аттың жалына байлайды.

**Балаға қамқорлық жасау** – дүниеге келген сәбиді емізбестен бұрын таза суға малынған қасқырдың жүнімен ауыздандырған. Бала ер жетіп ел қатарына қосылғанша кіндік шеше өз назарынан тыс қалдырмай әрдайым камқор болыш жүрген.

**Балаға ат қоюдағы салғ-дәстүрлер:**

**Артық саусағына қарай ат қою** – Артық, Артықөлі, Артықбай, Қосекен, Қосбармақ.

**Балаға тіл-көз тимейді деген ниетпен ат қою** – Жаманбай, Қойшыбай, Ошақбай, Тезекбай, Жаманғұл.

**Баланың дені сау, жаны берік болуы үшін ат қою** – Тастанір, Шымырбай, Өлмес, Мықтыбай.

**Баласы шетіней берген үйде жас сәбиге ат қою** – Аман, Аманқұл, Есен, Жүрсін, Тоқтар, Тұрсын, Тұрсынкул.

**Бала-шагаларының өмірі үзак болсын, көп жасасын деген ниетпен ат қою** – Жанұзақ, Жұзбай, Жұзжасар, Мыңжасар, Өмірбек, Сексенбай, Тоқсанбай, Ұзақбай.

**Бұрын-соңды болған қару-жарап аттарына байланысты ат қою** – Қылышбек, Мылтықбай, Найзабек, Садақбай, Шоқшарбай.

**Елдің ардақты азаматтарының атын солардай батыр, дана, өнерлі болсын деген ниетпен жаңа туылған балаға ат қою** – Абай, Абылай, Фабит, Жәнібек, Исарай, Қазыбек, Махамбет, Сәбит, Сәкен, Сырым, Төлебек, Ыбырай.

**Ерекше көзге түсsetін белгілеріне қарай ат қою** – Анарбай, Қалдыгүл, Қалдыбай, Құдірет, Мендібай, Мендігүл, Сұндет.

*Ислам дінінің әсеріне байланысты ат қою* – Фали, Жамал, Зылиха, Иса, Мұхамбет, Омар, Оспан, Сүлеймен, Хадиша.

*Қызға аспан әлемінің, аңдардың, асыл тастардың, қымбат маталярдың, нәзік өсімдіктердің атын қою* – Айман, Алтын, Еңлік, Жібек, Жұлдыз, Құміс, Құралай, Макпал, Меруерт, Раушан, Шолшан, Шынар.

*Мерзімінен бұрын дүниеге келген балаға ат қою* - Лекер, Шалабай, Шалабек.

*Мұрат-мақсатыма жеттім-ау деген нищен ат қою* - Арман, Бақыт, Мақсат, Мұрат.

*Соңғы балаға ат қою* – Кенжебай, Кенжегүл, Кенжетай.

*Төрг түлік мал, аң мен құстарға байланысты ат қою* – Арыстан, Аюбай, Бота, Ботагөз, Бүркіт, Қойшыбай, Сандуғаш т.б.

*Ұлы жоқ үйде қызы тұғанда ат қою* – Болған, Тойған, Ұлбала, Ұлбосын, Ұлжан, Ұлту, Ұлтуған т.б.

**Шілдеханада орындалатын салт-дәстүрлер:**

*Бала дүниеге келген күні кешке ауыл жастары шілдеханага жиналады* - әйел аман-есен босанған күні кешке ауыл жастары шілдеханага жиналады. Шілдехана кейде үш күнге созылады. Өнерлі жастар таң атқанша жаңа тұған баланы, оның анасын ардағатш ән салып, құй тартады. Бұған өнерлі жастар шақыртшай-ақ келіп, таң атқанша көңіл көтереді.

*Қыз-келіншектер мен бозбалалар айтысады* – қыз-келіншектер мен бозбалалар айтысын жеңгендері тоғызын алады.

*Әртүрлі ойындар үйымдастырылады* – жастар тұнді куаныш, қызықпен еткізеді.

*Шілдеханага тек қана жастар қатысады* - шілдеханага ауыл үлкендері қатыспайды. Жаңа тұған нәрестені әргүрлі жын-шайтан, перілердің салқынынан қорғап, құзету халық сенімі бойынша тек қана жастардың міндеті.

**Баланы бесікке салуда орындалатын салт-дәстүрлер:**

*Бесіктің жабдықтарын орын орындарына қою* – кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салады. Бұған жиналған ауылдың көрші-қолаң әйелдері шаптуларын ала келеді. Баланы бесікке салардан бұрын ауылдың жасы үлкен, беделді әйелі бесік жабдықтарын орын-орындарына қояды. Содан кейін бесікті адыраспанмен аластап шығады. Кейде арша түтінімен де аластайды

*Адыраспан түтінімен бесікті аластап шығу* – баланың үйқысы тыныш болу үшін және жын-шайтанды күу мақсатымен адыраспанды отқа жағып тутегіш, баланы бесікке бөлерден бұрын бесікті айналдыра аластап ырымдайды. Кейде бесіктің бел ағашына қыздырылған темір тигізіп те ырымдайды.

*«Тылтыма» ырымын жасау* – баланы бесікке бөлерден бұрын тылтыма ырымы жасалады. Бесіктің түбек тесігі арқылы бауырсак, кәмпіт және басқа тәтті дәмдер жапа-тармагай астына тосылған алақандарға

## **Қабден Қ., Құнанбай М. Қазақ халқының үрпақ өсіру...**

тасталады. Басқарушы әйел, «тышты ма» деп сұрағанда, қасындағы әйелдер іле-шала «тышты-тышты» деп шу ете түседі. Әрбір жақсылықты үнемі шашумен қарсы алатын халқымыздың бұл дәстүрі балаға бесік құт дарытсын деген ниеттен туған рәсім.

**Бала бөләнгөн бесіктің үстіне жеті нәрсе жабу** – ең бірінші бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон, жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдармен жабады. Тон, шапан жабу ережеткенде халықшыл болуына, жүген тез өсіп ат үстіне ойнақ салсын, кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілек.

**Баланы қырқынан шығаруда орындалатын салт-дәстүрлер:**

**Ұл баланы қырқынан шығару мерзімі** – ұл баланы қырқынан 37, 39 күнде шығарады. Бұл ұл баланың қызыға төлейтін қалың малы аз болсын деген ниетшен істеледі.

**Кыз баланы қырқынан шығару мерзімі** – қыз баланы қырық күннен асырып, 42-44 күнде қырқынан шығарады.

**Баланы шомылдыру** – бұл кәдеге жиналған ауыл әйелдері ыдысқа 40 қасық су күйыш, теңгелер салып, сол суға баланы шомылдырады.

**Сүт тырнағын алу** – баланың тырнағын алғаннан соң адам баспайтын жерге көміп тастайды.

**Қарын шаштын алу** – бұл шашты шүберекке түйіп, тұмарша етіп тігіш баланың оц иығына қадайды. Жалпы баланың шашын еш уақытта ашық-шашық жерге тастамайды. Адам аяғы баспайтын жерге көміп отырады. «Қарын шаштың қарғысы қатты болады» деген мақал да осы салтқа байланысты.

**Ит көйлегін ауыстыру** – баланың қырқынан шыққанша киетін «ит көйлегіне» сәбиді қырқынан шығару үстінде түрлі тәттілерді түйіш бір иттің мойынына байлаш қоя береді. Жас балалар итті қуып жетіп тәттілерді өзара белісіп алады. Бойына бала бітпей жүрген әйелдер қалаш алатын дәстүр де бар. Баланың анасы ит көйлекті жыртып береді.

**Нәрестені тіл-көзден сақтау дәстүрлері:**

**Нәрестені тіл-көзден сақтау** – нәрестені тіл-көзден сақтау үшін нәрестенің бесігіне, киіміне тұмар ретінде жылан басын, үкі, тоғыз моншак, күміс тиындарды ішіп қойған.

**«Көз тиді» деп секем алу** – егер «көз тиді» деп секем алған жағдайда сол адамның үйінен бір нәрсесін әкеліп тұтегеді. Осылайша қас құштердің беті қайтады. Баланы тіл-көзден сақтайды деген сенім болған.

**Нәрестенің ата-анасы әлде біреудің нәрестеге сұктана қараганын, «балаң балшактай» екен деген сөзін көңіліне алу** – егер нәрестенің ата-анасы көңіліне алған жағдайда, іле-шала оған түкірту ырымын жасатады. «Көзінде қалы бар адамның қарағаны тегін жібермейді» деп үйге осындаі белгісі бар адамның келуінен қатты сақтанады.

**Нәресте сұлқ түсін қатты ауырып қалған кезде – осының «көзі тиді-ау» деген адамды таптырып алыш, оған түкіртеді. Басқа да сан түрлі ұшықтау ырымдарын жасайды.**

**Нәрестеге жүргітың назары түснеуі үшін нәрестені көзден тасалац, оған көбінесе жаман-жәутік, ескі-құсқы кигізіп, бет-ауызына әдейі күйе жағыш кояды.**

**Тұсаукесер тойының салт-дәстүрлері:**

**Тұсаукесер күнін белгілец, қонақтарды шақыру** сәби «тәй-тәйлан» жүре бастаганда откізіледі. Алдымен, тұсаукесер күні белгіленіп, арнайы қонақтар шақырылады. Бұл күні кейбір ауқатты адамдар кекшар да тартқызып, арты думанды тойға да ұласып кетуі ғажаш емес.

**Көшпілік арасында баланың тұсауын кесетін адамды таңдал алу.** Жиналған көшпілік арасынан көбінесе жүрісі жылдам, қымылы ширак, іске епті қасиеттерімен көзге түсетін қағылез, шысық адам таңдалыш алышып, нәрестенің тұсаукесерін соган тапсырады. Тұсау кескен адамға сәбидің тұсауына байланысты, арнайы «тұсаукесер» сыйлығы беріледі

**Кең дала, таза ауада жайылған дастархан жанына қазық қағып, аяғы тұсалған баланы арқандап қою.** Тұсаукесер салты алдында жиналғандар кең дала, таза ауага шығып, үсті түрлі тәтті дәмге толы бала-шагаға арналған дастархан жанына қазық қағып, аяғы тұсалған баланы арқандап қояды.

**Балаларды жаяу жарысқа жіберу.** Тойдың негізгі жанкуйерлері – балалар алыстан жаяу жарысқа жіберіледі, кай озып келгені арқанды қызып, барлық дастархандағы дәмге ие болады, оған арнайы сыйлық беріледі.

**Баланың тұсауын кесу** - бұдан соң «Жүйрік бол!», «Шауыш кет!» т.б. тілектер айта отырып, екі қолышан екі адам жетектеген баланың тұсауын кесуге таңдалыш алынған адам ала жішті кесіш жібереді. Тұсауы кесілген соң, сәбиді екі адам ортаға алыш шығып тез-тез жүргізеді. Осы кезде «Тұсаукесер» жырышырқалады.

**Тілапарда орындалатын салт-дәстүрлер:**

**Ауылдың ділмар, шешен ақсақал қарияларын шақыру.** Бұлдіршіннің тілі жеке-жеке сөздерді айтуда икемделе бастаған кезде тілі тез шығу үшін дәстүрлі «Тілапар тойы» жасалады. Мал сойылып, ауылдың ділмар, шешен, ақсақал, қариялары арнайы шақырылады

**Балага қойдың тілін жегізу.** Олар «Тілің тез шықсын!» деп, сәбиге қойдың тілін жегізеді, қой ішегімен буындырып түрш «Сөйлейсің бе?» деп сұрақ қойыш, үш рет «сөйлеймін» деген уәдесін алады.

**Ақсақалдардың ақ батасын алу.** Осыдан соң ақсақалдар «Сандуғаштай сайрап кет!», «Жиреншедей шешен бол, Жәнібектей көсем бол!» деген сияқты ақ баталарын беріш тарқасады.

**Сүндег тойда орындалатын салт-дәстүрлер:**

**Сүндег тойды откізетін күнді белгілеу.** Қалыптасқан дәстүр бойынша ата-бабаларымыз ер балаларын бес, жеті не тоғыз жасында

## **Қабден Қ., Құнанбай М. Қазақ халқының үрпақ өсіру...**

сүндеге отырғызады. Сүндег тойын өткізетін сәтті күн алдын-ала белгіленеді.

**Қонақтарды тойға шақыру.** Сүндег тойға ғана тән өзіндік ерекшелік тойға қонақтарды баланың өзі шақырады. Айшықты тарланбозға сәнді киңген бір бозбала мен құйрығын шарт түйіп, жорға мінген сүндегелген бала көшпілкті тойға шақырады. Оның бауырсақ пен қампіт толтырылған қоржынынан ат басын тіреген үй иесі дәм татады да, түсті матаны жыртып, бала мінген жорғаның жалына байлайды.

**Сәрсенбі күні баланы сүндекте отырғызу.** Сәрсенбінің сәтті күні баланы сүндеге отырғызады. Тойға келген адамдар «сүндегің қабыл болсын!» деп, баланың айналасына жеміс-жидек пен тәтті дәмдер толтырады.

**Бала асырап алуда орындалатын салт-дәстүрлер:**

**Міндетті түрде той жасау.** Қазақ халқында негізінде өз кіндігінен ер баласы жоқ адамдар туыстарының, ағайындарының баласын асырап алатын. Кебінесе ер балаларды, ал оның реті келмегендеге қызы баланы да асырап ала беретін. Малды адамдар атшаптырым той жасаса, дәuletі шағындар құрмалдық жасайды.

**Ер балага асық жілік, қызы балага тоқпан жілік үстарату.** Баланың қолына жілік үстаратып, көшпілкті бүған куә ету бала асырап алатын өке мен шешенің де жұрт алдында оларды тұмады деп бөлмеу туралы беретін уәдесі, анты. Жұрт алдында жілік үстарату салты екі жағынан да бала алу, бала беру ісіне ризашылығын білдіреді.

**Ер баланы ашамайға мінгізу.** Ер балаларды жілік үстаратуға қосымша ашамайға мінгізу жорасы да бар. Өйткені баланы бауырга салу кебінесе оның 5-6 жасар кезінде болады. Бұл кезде баланың атқа мініш үйренетін кезі. Әрине, тым жақын туыстар арасында балалары есейіп қалған кезде де бола береді. Ал бөтен елден алғанда бала мүмкіндігінше жастау болу керек.

**Балада болатын қасиеттер және баланың болашағын болжакау белгілері:**

**Бақытты, жары сулу** – ұл бала көзін ашып ұйықтайтын болса.

**Балуан** – бетінде қалы болса.

**Ел басқаратын көсем** – жастықтың үстінде ұйықтайтын болса.

**Жайдары** – маңдайы кең болса.

**Жайдары, аққөніл** – шалқасынан жатыш ұйықтайтын болса.

**Жалқау** – желкесінің шұңқыры ұлken болса.

**Кеменгер** – аяқ-қолын төрг жаққа созып, бей-жай ұйықтайтын болса.

**Күйеуі көрікті** – қызы бала көзін ашып ұйықтайтын болса.

**Күйши** – баланың бір құлағынан екінші құлағы ұлken болса.

**Қызғаншак, ксайде ойшыл** – етшетінен ұйықтайтын болса.

**Мырза** – алақаны ашық, алаңсыз емес.

**Отірікші** – құлағы мен аузының арасы жақын болса.

**Сараң** – анасының омырауын тас қылыш үстап отырып алса.

*Сері* – бас бармағы үлкен, сүйрік болса.

*Уайымшылт* – бұқ тұсіп үйықтайдын болса.

*Шебер* – бармағы майысқан болса.

*Інжық* – көрпені тұмшалаң, орап алып жататын болса.

Қазақ халқы – басқа халықтар сияқты өзінің тарихымен, әдет-ғұрыш, салт-дәстүрінің ерекшелігімен, өркениетті мәдениетімен, рухани байлығымен көзге түсken ұлы халықтардың бірі. Әсіресе, бала тәрбиесінде, біріншіден, ана тілін толық меңгеріш, әдет-ғұрыш, салт-дәстүріміздің жақсы мен жаманын ажыратып, жақсысын алып, баланың бойына сіңіріп отырган. Жастарды әдепті мінезге баулыған. Ж.Аймауитов (Психология, 1926) айтқандай: "Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі болуынан". Тәрбиенің екі түрі бар: бірі – дене тәрбиесі болса, екіншісі – жан "рух" тәрбиесі деп атаң көрсеткен. Соңдықтан да жастарды тәрбиелеудің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы, адамгершілігі мол, еңбек сүйгіш және тағы басқа ізгі қасиеттерді қалыптастыру. Ж.Баласағұн бабамыздың [8] "Құтты білігіндегі" айтқан адам өмірін екі нәрсе ұзартады, бірі – жақсы ісі, екіншісі – жақсы сөзі, - деген өсietіне сүйене отырыш, жастардың тән және жан (рух) тәрбиелеріне мән беру, қазіргі жаһандану кезеңінде қазақ ұлтын сактаң қалудың құралы болмақ.

#### Әдебиеттер

1. Белинский В.Г. Избранные труды. Москва, 1969.
2. Махмуд Қашқари. "Диуани лұғат ат түрік". Сана, 1923. №1.
3. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы, 2001.
4. Ибн Сина. Канон врачебной науки. Кн. III, Ташкент, 1956.
5. Колбасенко И.С. Некоторые киргизские обычай и поверия. Киев, 1889.
6. Жансүгіров І. Той. Алматы: Өнер, 1993.
7. Очерки по истории народной медицины Казахстана /Под ред. Шарманов Т.Ш. / Алма-Ата, 1978.
8. Жұсіп Баласағұн (Баласуғун Жусип Хас Хаджів). Наука быть счастливым / перевод Наума Гребнева, М., 1971.

#### REZUME

Kunanbai K., Kabden.M. (Turkistan)

NATIONAL TRADITIONS AND CUSTOMS OF THE KAZAKHS  
ON OFFSPRING UPBRINGING

National traditions and customs of the Kazakhs on offspring upbringing is scientifically proved system which is transmitted from generation to generation. This article shows traditions of children upbringing beginning from their birth, umbilical cord cutting, putting into "besik" to their full age with scientific interpretation. Tradition to test future generation directed to their standing is also mentioned.